

## ЖАҢА НЫСАНДАҒЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

## МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

### Атаулы әлеуметтік көмек көрсету кезінде туындайтын негізгі сұрақтар

1. Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмек дегеніміз не?
2. Атаулы әлеуметтік көмекті алуға кім үміткер бола алады?
3. Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмектің аз қамтылған отбасыларды қолдаудың қазіргі уақытта қолданыстағы бағдарламалардан айырмашылығы.
4. Ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері дегеніміз не?
5. Кедейлік шегі дегеніміз не?
6. Әлеуметтік келісімшарт және отбасының жеке жоспары дегеніміз не?
7. Әлеуметтік келісімшарт жасасу
8. Әлеуметтік келісімшартты бұзу
9. Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмек қандай мерзімге тағайындалады?
10. Ассистенттер мен консультанттар деген кімдер?
11. Комиссиялар не үшін қажет?
12. Халықты жұмыспен қамтудың белсенді шаралары дегеніміз не?
13. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына кім тартылмайды?
14. Әлеуметтік бейімдеу шаралары дегеніміз не?
15. Әлеуметтік сүйемелдеу дегеніміз не?

### Ақпараттық-түсіндіре жұмысы

1. Ақпараттық-түсіндіре жұмысының мақсаттары мен міндеттері
2. Ақпараттық-түсіндіре жұмыстарын жүргізуге кім қатысады?
3. Ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі шаралары
4. Медиа-кампанияларды өткізудің кезеңдері
5. Үй үйді аралауды ұйымдастыру және жүргізу
6. Мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру
7. Халықпен ақпараттық жұмыс жүргізудің ерекшеліктері

*(жалғасы келесі бетте)*

## МАЗМҰНЫ

### Халықты жұмыспен қамтудың негізгі сұрақтары

1. Халықты жұмыспен қамтудың негізгі сұрақтары
2. Жұмыс іздеуші адамды тіркеу
3. Жұмыссыз ретінде тіркеу
4. Жұмыссыздар есебінен шығару

### *Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы*

1. Бағдарламаның бірінші бағыты
2. Бағдарламаның екінші бағыты
3. Бағдарламаның үшінші бағыты
  - 3.1. Әлеуметтік кәсіби бағдар
  - 3.2. Жұмыспен қамтудағы қолайлы бос орындарды іздеу
  - 3.3. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру
  - 3.4. Жастар тәжірибесін ұйымдастыру
  - 3.5. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру
  - 3.6. Еңбек ресурстарының мобильділігін көтеру

## КІРІСПЕ

2018 жылдың 1-қаңтарынан бастап Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес аз қамтылған азаматтарды қолдаудың жаңартылған түрі – атаулы әлеуметтік көмек әрекет ете бастайды.

2014 жылдан бері бағдарлама тәжірибе түрінде пилоттық режимде пайдаланылды және бұл уақыт ішінде өзінің қажеттілігін және нақты нәтижелерді көрсетті, оның көмегімен қиын өмірлік жағдайға тап болған жүздеген және мыңдаған адамдарға қолдау көрсетілді.

Жаңа бағдарламаның ережелерін түсіндіру бойынша ауқымды жұмыс күтілуде. Бұл маңызды тапсырма жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің, ауылдық әкімдіктердің, Жұмыспен қамту орталықтарының (Орталық) қызметкерлеріне жүктелген.

Мемлекеттік көмекті алуға мұқтаж және жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмек ұсыну мәселелері бойынша ақпарат және консультация алғысы келетін азаматтардың негізгі бөлігі Орталықтарға жүгінетін болады.

Сондықтан Орталықтар қызметкерлері мұндай маңызды түсіндіру және ұйымдастырушылық жұмыстың алдыңғы қатарына шығады. Ел халқының әлеуметтік қолдаудың жаңа бағдарламасына оң көзқарасының қалыптасуы едәуір дәрежеде сендерге байланысты.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған адам, мемлекеттің оны қиындықтар мен бақытсыздықпен жалғыз тастамайтынын білу тиіс, бірақ сонымен бірге ол көмекке мұқтаж адам қана емес; ол – оның жаңа өмірлік деңгейге шығуына жәрдемдесетін көмектің жаңа түрінің белсенді қатысушысы. Оны түсініп, санасына қабылдау үшін мемлекеттің өкілі болып саналатын Орталық қызметкері оған толық ақпарат беруі, бүкіл маңызды сұрақтарға жауап беруі тиіс. Ол белгілі бір «анықтама бюросы» қана емес, сонымен қоса жаңа бағдарлама бойынша консультант, насихатшы және үгітшіге айналуы керек.

Бұл мақсатта атаулы әлеуметтік көмек алуға мұқтаж халықпен жұмыс кезінде Орталық қызметкерлеріне көмектесуге бағытталған осы оқу құралы әзірленді. Мұнда сендер жаңартылған атаулы әлеуметтік көмектің ерекшеліктері бойынша ең маңызды сұрақтарға жауаптарды таба аласыңдар.

Сонымен, консультация алу үшін Орталыққа жүгінген адамдар қоятын ең бірінші сұрақтан бастайық.

**АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК  
КӨМЕК КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ  
ТУЫНДАЙТЫН НЕГІЗГІ  
СҰРАҚТАР**

## Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмек дегеніміз не?

**Атаулы әлеуметтік көмек** – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы кедейлік шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекет ақшалай нысанда беретін төлем.

(МАӘК туралы Заңның 1-бабының 4-тармақшасы)

Отбасының немесе жеке адамның әлеуметтік жағдайына байланысты, көмек екі түрге бөлінеді: **шартсыз және шартты.**

**\*Шартсыз ақшалай көмек** – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған адамдарға (отбасыларға) ай сайынғы ақшалай төлемдер түрінде көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі.

**\*Шартты ақшалай көмек** – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына және (немесе) қажет болған жағдайда әлеуметтік бейімдеу шараларына міндетті түрде қатысу шартымен ай сайынғы немесе біржолғы ақшалай төлем түрінде аз қамтылған адамдарға (отбасыларға) көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі.

\* МАӘК туралы Заңның 1-бабының 9 және 10-тармақшалары

## Атаулы әлеуметтік көмек алуға кім үміткер бола алады?

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, босқындар, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар. (МАӘК туралы Заңның 2-бабының 1-тармағы)

### Шартсыз ақшалай көмек:

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуіне; 1 немесе 2-топтағы мүгедектігіне; екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздығы белгілене алатын ауруының бар болуына орай жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған адамдарға;

2) отбасындағы еңбекке қабілетті мүшелерінің барлығы бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер болып табылатын және (немесе) екі айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздығы белгілене алатын ауруы бар және (немесе) жеті жасқа дейінгі балаға, мүгедек-балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, күтімге және көмекке мұқтаж қария адамға күтімді жүзеге асыратын аз қамтылған отбасыларға көрсетіледі. (МАӘК туралы Заңның 2-бабының 4-тармағы)

\* **Шартты ақшалай көмек** осы баптың 4-тармағында көрсетілген адамдар (отбасылардан) басқа жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына және (немесе) қажет болған жағдайда әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысу шартымен жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған еңбекке қабілетті адамдарға, бұдан басқа, құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар аз қамтылған отбасыларға көрсетіледі. (МАӘК туралы Заңның 2-бабының 5-тармағы)

## Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмектің аз қамтылған отбасыларды қолдаудың қазіргі уақытта қолданыстағы бағдарламалардан айырмашылығы

Жаңа нысандағы АӘК пайда болуына дейін әлеуметтік көмектің кез-келген түріне жүгіну процесі үш қадамнан тұратын қайталанатын циклмен шектелетін: арызды беру – заңдылықты анықтау – ақшалай көмекті тағайындау және төлеу. Жәрдемақы тағайындалғаннан кейін өтініш беруші үш айға жоғалатын – келесі арызды беруге дейін, ал көмекті тағайындаған маман ол туралы «ұмытатын». Әрине, өтініш берушіге жұмысқа орналасу ұсынылатын, бірақ отбасының басқа мүшелері бұл процеске қатыспайтын.

Жаңа нысандағы АӘК қолданыстағы бағдарламалардан негізгі айырмашылығы – бұл отбасының жекеленген қажеттіліктеріне бағытталған тәсілдің кешенділігі.

Әлеуметтік қорғаудың тәжірибесінде алғаш рет жұмыс өтініш берушімен қана емес, отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің барлығымен жүргізіледі. Оған қоса, бірінші рет жүгіну мезетінен бастап отбасымен бір адам жұмыс істейді. Бұл әлеуметтік қорғау органымен көмек алушы арасында өзара әрекеттесудің жаңа тәжірибесін жаратады.

## Ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері дегеніміз не?

\* **Ең төмен күнкөріс деңгейі** - құрамына адамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түліктің, тауарлар мен қызметтердің минималды жиынтығы кіретін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің зағтай және бағалық құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс. Құрамына:

1) азық-түлік себеті (ең төмен күнкөріс деңгейінің 60%).

**2018 жылдың 1-қаңтарынан бастап азық-түлік себеті ең төмен күнкөріс деңгейінің 55% құрайды.**

Ең төмен күнкөріс деңгейінің азық-түлік себетінің құрамына 2175 ккал мөлшеріндегі тәуліктік қуат жұмсалымын қамтамасыз ететін азық-түлік тауарларының 43 атауы кіреді.

*Азық-түлік тауарлар атауларының тізбесі оқу-әдістемелік құралдың 1 Қосымшасында көрсетілген.*

2) Азықтық емес тауарлар мен қызметтерге шығындардың бекітілген үлесі кіреді (ең төмен күнкөріс деңгейінің 40%).

**2018 жылдың 1-қаңтарынан бастап азықтық емес тауарлар мен қызметтерге үлес ең төмен күнкөріс деңгейінің 45% құрайды.**

(әлеуметтік стандарттар мен олардың кепілдіктері туралы ҚР Заңының 17-18 бабтары)

## Кедейлік шегі дегеніміз не?

**Кедейлік шегі** – атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау үшін өлшемшарт ретінде белгіленетін, бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы. (МАӘК туралы Заңның 1-бабының 3-1 тармақшасы)

Қазақстан Республикасы бойынша кедейлік шегінің мөлшерін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай пайыздық мәнде орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы негізінде айқындайды.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бойынша кедейлік шегін жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын есептеп шығарады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында::

1) кедейлік шегі – тоқсан сайын жергілікті атқарушы органдармен;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган жыл сайын республика, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бойынша кедейлік шегінен төмен кірістері бар халық үлесі туралы мәліметтерді жариялайды. (МАӘК туралы Заңның 2-бабының 1-1 және 1-2 тармақтары)

## Әлеуметтік келісімшарт және отбасыға көмектің жеке жоспары дегеніміз не?

**Әлеуметтік келісімшарт** екі тараптың – әлеуметтік көмек алушы мен әлеуметтік қорғау қызметінің міндеттемелері бар, қаржылай көмек алу үшін арналған.

Яғни, мемлекет өз тарапынан отбасының қиын өмірлік жағдайынан шығу үшін кәсіби және әлеуметтік бейімдеу бойынша қаржылық көмекпен күшейтілген шаралар қолданатын болады (жаңа нысандағы АӘК), ол үшін алушыдан жауап әрекеті талап етіледі (жұмыс іздеу, әлеуметтік-кәсіби бейімдеу).

Келісімшарт бойынша аз қамтылған азаматтар өзіне жұмысқа орналасу бойынша міндеттемелер қабылдайды (көбінесе Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының аясында), мемлекет жергілікті деңгейдегі атқарушы орган ретінде (Жұмыспен қамту орталығы және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері) оларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын, ал қажетті жағдайларда – әлеуметтік бейімдеу шараларын көрсетуге міндеттенеді.

**Отбасыға көмектің жеке жоспары** – Жұмыспен қамту орталығы атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін жүгінген адаммен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесе отырып әзірлеген, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар жоспары.

Отбасыға көмектің жеке жоспарына отбасының қиын өмірлік жағдайдан шығуы үшін нақты іс-шаралар кешені кіреді.

Отбасыға көмектің жеке жоспары әлеуметтік келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## Әлеуметтік келісімшарт жасасу

Әлеуметтік келісімшарт жасасу шартты ақшалай көмек тағайындау үшін міндетті шарт болып табылады. (МАӘК туралы Заңның 2-бабының 6-тармағы)

Әлеуметтік келісімшарт учаскелік комиссияның қорытындысын, сонымен қоса, қажет болған жағдайда халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссиялардың рекомендациясын алғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде жасалады.

Шартты ақшалай көмек алушыларымен әлеуметтік келісімшарт алты айға жасалады. Отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімдеуін жалғастыру және (немесе) еңбекке қабілетті отбасы мүшелерімен кәсіби оқуды және (немесе) жастар тәжірибесін, әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтуды аяқтамауына байланысты қажет болған жағдайда қосымша алты айға дейін ұзартылады.



## Әлеуметтік келісімшарттың бұзылуы

### **Шартты ақшалай көмекті алушылармен әлеуметтік келісімшарт:**

1) аз қамтылған адаммен (отбасымен) әлеуметтік келісімшарттың шарттарын және жеке жоспар іс-шараларын толық көлемде орындамаған жағдайда;

2) шартты ақшалай көмекті заңсыз тағайындауға әкеп соқтырған дәйексіз мәліметтер ұсынған жағдайда бұзылады.

Әлеуметтік келісімшартты бұзу отбасының еңбекке қабілетті мүшелеріне төленетін шартты ақшалай көмекті тоқтатуға негіз болады.

**Әлеуметтік келісімшарт бойыша міндеттерді орындамауы бірінші рет анықталған жағдайда** шартты ақшалай көмек мөлшері орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитындарды қоспағанда, олар оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін кәмелетке толғаннан кейін (бірақ жиырма үш жастан аспайтын) он сегіз жастан асқан отбасы мүшелерінің барлығына **бір ай бойына елу пайызға қысқартылады.**

**Міндеттемелердің орындалмағаны қайтадан анықталған жағдайда,** кәмелетке толмаған балалардан, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитындардан басқа, олар оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін кәмелетке толғаннан кейін (бірақ жиырма үш жастан аспайтын) шартты ақшалай көмек төлеу тоқтатылады **(МАӘКТ туралы Заңның 4-бабының 12-тармағы).**

## Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмек қандай кезеңге тағайындалады?

Атаулы әлеуметтік көмектің тағайындалу кезеңі төлем түріне байланысты – шартсыз немесе шартты.

**Шартсыз ақшалай көмек** ағымдағы тоқсанға (3 ай) тағайындалады және ай сайын төленеді.

**Шартты ақшалай көмек** әлеуметтік келісімшарттың әрекет ету мерзіміне тағайындалады (6 ай).

Шартты ақшалай көмек ай сайын немесе өтініш берушінің арызы бойынша біржолата үш ай үшін төленеді.

Отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімдеуін жалғастыру және (немесе) еңбекке қабілетті отбасы мүшелерімен кәсіби оқуды және (немесе) жастар тәжірибесін, әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтуды аяқтамауына байланысты қажет болған жағдайда шартты ақшалай көмек тағайындау кезінде оны қосымша алты айға дейін ұзартуға мүмкіндік бар. **(МАӘК туралы Заңның 4-бабының 10-тармағы)**

## Ассистенттер мен консультанттар деген кімдер?

Жұмыспен қамту орталықтарының штатына **ассистенттер мен консультанттарды** енгізу атаулы әлеуметтік көмекті реформалаудағы маңызды жаңа енгізілім болып табылады.

Ассистенттер мен консультанттар жәрдемақы алатын адамдарға қолдау көрсетеді, жұмыс іздеуде жәрдемдеседі, әлеуметтік бейімдеу бойынша қажетті қызметтер кешенін қамтамасыз етеді және жәрдемақы алатын адамдардың міндеттемелерді орындауын бақылайды.

Кедей отбасындағы жағдайға дара тіл табу, әрбір нақты жағдайда бейімдеудің нақты бағыттарын әзірлеу жүйені жаңғыртудың нәтижесі болады.

**Ассистент** – отбасыны жанамалау, консультация, сұхбат өткізуде, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауды бақылауда әлеуметтік жұмыс бойынша консультантқа және кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жәрдемдесу бойынша функцияны жүзеге асыратын халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкері. (МАӘК туралы Заңның 1-бабының 1-тармақшасы)

**Әлеуметтік жұмыс бойынша консультант** – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауда және аз қамтылған адамның (отбасының) кедейлік шегінің сыртында болуымен байланысты жағдайдан шығуға жәрдемдесуді жүзеге асыратын халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкері.

(МАӘК туралы Заңның 1-бабының 1-1 тармақшасы)

## Комиссиялардың қажеті неде?

**Учаскелік комиссия** – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия (МАӘКТ туралы Заңның 1-бабының 7-тармағы)

Отбасының материалдық жағдайын растау үшін учаскелік комиссияға өтініш беріледі.

Өтініш берушінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің Орталықтың құзыретіне кірмейтін жұмыспен қамту және (немесе) әлеуметтік бейімдеу шараларына, сондай-ақ әлеуметтік келісімшартты ұзартуға қажеттілік болған жағдайда аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияға өтініш береді.

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия – аудан, қала, облыстық және республикалық маңызы бар қалалар, астана аумағында халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында құрылған халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі комиссия;

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия – облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағындағы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында құрылған халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі комиссия;



## Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары дегеніміз не?

**Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары** – «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңымен қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өзге адамдарды халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамту, мемлекеттік қолдау шаралары. (Халықты жұмыспен қамту туралы Заңның 1-бабының 16-тармақшасы)

*Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің «белсенді» шараларына:*

- 1) кәсіби оқытуға жіберу;
- 2) азаматтардың және оралмандардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесу;
- 3) жастар практикасына жіберу;
- 4) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 5) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу;
- 6) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру;
- 7) қоғамдық жұмыстар кіреді.

(Халықты жұмыспен қамту туралы Заңның 17-бабының 1 және 2-тармақтары)

## Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына кім тартылмайды?

Шартты ақшалай көмек төлеу үшін жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысу келесі санаттарға міндетті емес:

- 1) бірінші және екінші топ мүгедектеріне;
- 2) күндізгі бөлімде оқитын қатысушыларға, студенттерге, тыңдаушыларға, курсанттарға және магистранттарға;
- 3) Екі айдан астам жұмысқа жарамсыздығы белгіленуі мүмкін болатын ауруға шалдыққан адамдарға;
- 4) Басқа адамның қарауын және көмегін қажет ететін жеті жасқа дейінгі балаларға, мүгедек-балалға, бірінші және екінші топ мүгедектеріне, сексен жастан асқан қарттарға қараушы адамдарға;
- 5) Тұрақты жұмысы бар адамдарға.

(МАӘКТ туралы Заңның 2-бабының 6-тармағы)

## Әлеуметтік бейімдеу шаралары дегеніміз не?

Әлеуметтік бейімдеу шараларына келесі іс-шаралар кіреді:

- 1) тұрғын үй көмегін көрсету;
- 2) жергілікті өкілді органдардың шешімімен анықталатын тәртіпте және мөлшерде әлеуметтік көмек көрсету;
- 3) скринингтік қараудан өту;
- 4) әлеуметтік маңызды ауруы бар болған кезде емделу;
- 5) жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер консультациясында медициналық есепке қою;
- 6) АӘК алуға құқығы бар отбасылардан, бұдан басқа АӘК алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан мемлекеттік білім беру мекемелерінің оқушыларына және тәлімгерлеріне, сонымен қоса, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдай нәтижесінде шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардағы балаларға және оқушылар мен тәлімгерлердің өзге де санаттарына қаржылық және материалдық көмек көрсету;
- 7) білім беру ұйымдарында білім алу кезеңінде азаматтарға әлеуметтік көмек ұсыну;
- 8) мектепке дейінгі тәрбиені және оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында орын алуға және балаларын қосымша білім беру ұйымдарына есепке алуға жәрдемдесу.

## Әлеуметтік сүйемелдеу деген не?

Әлеуметтік сүйемелдеу – бұл шешімді қабылдауға, әлеуметтік келісімшартты орындауға қажетті өзінің потенциалын жүзеге асыруға, отбасының өмір сүру деңгейін жақсартуға және өмірлік қиын жағдайдан тұрақты шығуға ықпалдасатын азқамтылған отбасының белсенді шараларын қолдауға бағытталған шаралар.

Ол ассистентер мен консультанттардың белсенді тыңдау қабілетін қолдануды талап етеді: проблеманы шешуді ұсынудан бұрын оны тыңдау және жалпы проблеманы түсініп отырғандығына көз жеткізу.

Әлеуметтік сүйемелдеу әртүрлі әлеуметтік саладағы проблемаларды шешуге ықпалдасуды қосу мүмкін – әлеуметтік, білім беру, денсаулық сақтау.

1. Әлеуметтік көмек саласы – атаулы әлеуметтік көмек ұсыну барысында толық деңгейде жүзеге асырылады (*тағайындау, төлеу, мониторинг, жұмыспен қамту шаралары, әлеуметтік бейімдеу, басқа да әлеуметтік бағдарламаларға тарту*).

2. Білім беру саласы – өтініш берушілерді оқытуға және қайта оқытуға, тұрғылықты жері бойынша қосымша қысқа мерзімді курстардың бар екендігі, оларды аяқтаған соң жұмысқа тұрғызу, оның ішінде мектеп түлектеріне және үлкен сынып оқушыларына да ұсынылатындығы туралы ақпараттандыру. Бұл жерде әлеуметтік сүйемелдеудің бөлігі ретінде отбасының кіші мүшелерін бала бақшаларына (мини-орталықтарға), ал жасөспірімдерді – спорт секциялары мен клубтарға тартуға ықпалдасуды алуға болады.

3. Денсаулық сақтау саласы – бұл ретте ассистенттер мен консультанттардың рөлі көп жағдайда ұсыныс ретінде. Ассистенттер мен консультанттар баратын отбасыларға өзінің және балаларының денсаулығын күтудің маңыздылығын еске түсіріп отыру қажет. Отбасының ересек мүшелеріне скрининг өтудің, жүкті әйелдердің консультацияларға тұрақты баруын, сөйлесуге жолдануын және т.б. қажеттілігін жеткізу қажет.

4. Әлеуметтік сүйемелдеудегі психологиялық және заң саласындағы көмек құжаттарды қалпына келтіруге қажет (*жеке куәлік, білім туралы куәлік және т.б.*), моральдық және психологиялық қолдау көрсету, мұқтаж отбасы мүшелерін психологиялық қолдау топтарына қосу.

## Ақпараттық-түсіндірме жұмыстары

## Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері

### Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарының мақсаттары:

- халықты әлеуметтік бағдарламаларға қатысысуға тарту, азаматтардың ақпараттандырылуының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету;
- реформаны жүзеге асыру барысында әлеуметтік тұрақтылықты сақтау;
- жүргізіліп жатқан реформаларға азаматтардың оң көзқарасын қалыптастыру бойынша жергілікті басқармалардың үйлестірілген жұмысын қамтамасыз ету.

### Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарының міндеттері:

- әлеуметтік көмек жүйесіндегі өзгерістерді жүргізу барысында әлеуметтік құбылулардың, шиеленістердің орын алу қауіпін төмендету мақсатында жергілікті атқарушы органдардың халықпен ықпалдасуын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-еңбек саласындағы негізгі өзгерістер туралы халықты ақпараттандыруды қамтамасыз ету;
- халықпен «кері байланыс» жүйесін жүзеге асыру.

## Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізуге кім қатысады?

### Ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізуге :

- Халықты жұмыспен қамту орталықтары;
  - Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары/бөлімдері;
  - Еңбекминінің аумақтық құрылымдық бөлімшелері;
  - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы БАҚ;
  - Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы фондының; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру фондының бөлімдері, «Қазпошта» АҚ;
  - Еңбек инспекциясы;
  - әкімдіктер;
  - басқа мекемелердің/ұйымдардың өкілдері (қажет болса) тартылады.
- Көрсетілген мемлекеттік органдардың/ұйымдардың өкілдері **ақпараттандыру бойынша негізгі шараларды жүргізу үшін** тартылады.

## Ақпараттандырумен қамтудың негізгі шаралары

**Ақпараттандырумен қамтудың негізгі шараларына келесі шаралар жатады:**

- жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне, ауыл, ауыл округтері, аудандардың әкімдіктеріне және жұмыспен қамту орталықтарына **методикалық көмек**;

- атаулы әлеуметтік көмек көрсету процесіне қатысушы мамандар үшін **оқыту семинарларын** ұйымдастыру және өткізу;

- «дөңгелек үстел», халықпен есеп кездесулерін, «ашық есік» күндерін және білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық тәртіпті сақтау органдарының, қоғамдық ұйымдардың, жұмыс берушілердің қатысуымен жиналыстар өткізуді ұйымдастыру;

- республикалық және өңірлік **бұқаралық ақпарат құралдары** өкілдерімен жұмыс жүргізу;

- **әлеуметтік сұрау**, «жедел ақпарат желісін» ашу, қоғамдық көңіл-күйге үнемі мониторинг жүргізу;

- **мобильді топтардың** жұмысын ұйымдастыру;

- ассистенттермен халық арасында **үй-үйді аралауды** ұйымдастыру және жүргізу.

## Медиа-компанияларды жүргізу этаптары

**Ақпараттық компанияларды жүргізу үш этапқа бөлінеді :**

### **1-этап**

- мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс отырысын өткізу;

- республикалық және өңірлік БАҚ басшыларымен бас редакторларымен кездесулер өткізу;

- қажет құжаттарды әзірдеу: *оқиғалар тізбегі, спикерлер, тезистер және топиктер, баспасөз-релиздері және т.б.*;

### **2-этап**

- мемлекеттік органдардың жұмыс спецификасын және өңірлік қажеттіліктерді ескере отырып ақпараттық алып жүру жоспарын әзірлеу;

- мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің қатысуымен бағыт беретін жиналыстар өткізу;

- БАҚ үшін Орталық және өңірлік ақпарат орталықтарында брифингтер/баспасөз конференцияларын өткізу.

### **3-этап**

- ақпараттық компанияларды ақпараттық сүйемелдеу жоспарына сәйкес бастау және жүзеге асыру;

- Ақпараттық алаңға мониторинг жүргізу, қажет болса жедел жұмыс жүргізу;

- Атқарқарылған жұмыстардың нәтижесін шығару.

## Үй-үйді аралауды ұйымдастыру мен жүргізу

Жұмыспен қамту орталықтарының ассистенттері басқа мемлекеттік органдармен бірге *(жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен, білім беру бөлімдерімен, ауыл округтерінің әкімдерімен және басқалар)* азқамтылған отбасыларды анықтайды.

Мұқтаж отбасыларды анықтау үшін ассистенттермен келесі критерийлер бойынша талдау жүргізіледі:

- тұру жағдайы *(өз тұрғын үйінің, жеке қосалқы шаруашылықтың, автокөліктің және т.б. бар болуы);*

- отбасы құрамы *(отбасы мүшелерінің саны, оның ішінде еңбекке қабілеттілер, балалар, мүгедектер, зейнеткерлер, студенттер, балаға қараушы аналар және т.б.);*

- отбасының табысы *(отбасы мүшелерінің жалақысы, отбасының жабасына шаққандағы табысы);*

- отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәртебесі *(жұмыс істеуші, жұмыссыз, өздігінен жұмыспен қамтылған, зейнеткер, студент және т.б.).*

Отбасының жұмысқа қабілетті мүшелері Жұмыспен қамту орталықтарымен берілетін өзекті бос орындардың тізімімен, кәсіби оқыту бағдарламаларымен, сондай-ақ шағыннесие беру ұйымдарының және оларыды алу тәртібімен қамтылады.

Азқамтылған мұқтаж отбасылар анықталған жағдайда атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құжаттарды жинауға ықпалдасады.

## Мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру

**Өңірлердегі мобильді топтардың жұмысын қамтамасыз ету:**

- мобильді топтарды құру (жетекшісі - әкімдік) және шығу бағдарын әзірлеу;

- халыққа таратылатын материалдарды әзірлеу (буклеттер, үндеу, баннерлер және кітапшалар);

- мобильді қызметтердің шығуы туралы халықты ақпараттандыру;

- мобильді топтардың қызметін БАҚ шығару.

**Мобильді қызметтердің негізгі функциялары:**

- халық жиындарында, қоғамдық тыңдауларды және т.б. ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

- аз қамтылған азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға, консультациялар және Жұмыспен қамту орталықтарына жолдама беруге ықпалдасу;

- Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін құжаттарды қабылдау.



## Халықпен ақпараттық жұмыс жүргізудің ерекшеліктері

Атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген отбасы белгілі шарттарды орындауы және міндеттерді орындауға жауапкершілікті алуы тиіс. Бұл ретте, ассистенттер мен консультанттар осындай отбасыларды ақпараттандыру барысында жаңашылдықтардан бас тартуға тап болады. Сонымен қатар, жаңашылдықтарды қабылдауына байланысты адамдарды бес топқа бөлуге болады:

**1. Инноваторлар халықтың 2,5%-ы,** жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмектің мүмкіндіктерімен алғашқы танысқан отбасыларға жатады. Олар, әдеттегідей өте аз және өте маңызды, сондықтан солардың үлгілеріне қарап басқаларды ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі.

**2. Алғашқы өткен отбасылар халықтың 13,5%-ы.** Олар жаңашылдықтарға немесе өзгертулерге қажеттілікті байқайды, тек қажетті ақпаратты мақсатты топқа жеткізу қажет. Солардың жетістіктері ерте көпшілікке тартымды болады.

**3. Ерте көпшілік халықтың 34%-ы.** Мұндай адамдар барлық кезде «басқаның жетістіктеріне» қарайды. Әдеттегіде, бұл топ өзгерістерге шешілуге азырақ дайын болады, оларды тартуға көбірек уақыт керек. Бірақ, шешілсе олар кейінгі көпшілікке мысал болады.

**4. Кейінгі көпшілік халықтың 16%-ы,** олар тек алғашқы өтушілер мен ерте көпшіліктің жетістіктерінен кейін ғана қызуғышылық білдіреді. Кейінгі көпшілік тек материалдық жетістіктерді– жоғарғы табыс, жөнделген құрылыстар немесе жұмысқа сатып алынған велосипедпен баратын көршісін көргеннен соң ғана қатысуға өтініш береді.

## 5. Кейінге қалушылар - 16%.

Осылайша, жаңашылдықтарды енгізу процесін біркелкі түсінбеу түсінігі бізге келесіні береді :

**Біріншіден,** біз көріп тұрғандай жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті ұсыну барысында ауданда, қалада, ауылда ассистенттер мен консультанттар скептицизммен және қабылдамауға тап болады.

**Екіншіден,** аз қамтылған отбасыларды тарту бойынша жұмыстарды тоқтатуға болмайтыны – ол туралы ақпарат алмаса кейінірек көпшілік бағдарлама туралы ұмытатындығы анық.

**Үшіншіден,** отбасы қызметтен бас тартқан жағдайда ассистент, консультант, ауыл әкімі және басқалар әрекет етуді тоқтатпауы тиіс. Егер отбасы мүшелері «кейінірек ерушілердің» тобына жататын болса – олар бірнеше отбасы атаулы әлеуметтік көмек алуды аяқтаған соң келеді.

**Төртіншіден,** қатысу жылдамдығының әр түрлі болу түсінігі өтініш берушілерді кеш келуге байланысты айыптаулардан айырады, демек жанжалдарды және сенімділікті жоғалтуды болдырмайды.

**Бесіншіден,** атаулы әлеуметтік көмекке тарту процесіне мүмкін болған жергілікті қоғам мүшелері және инноваторлар– демек бұрын жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті алушылар қатысуы тиіс.

Өзгерістерді бөлу теориясының басты нәтижесі – бұл процесс онымен жұмыс істеуге болатындығы және оларды тездетуге болатындығы туралы түсінік береді. Баспасөзде, тұрғындар арасындағы әңгімелесулерде айтылған (біздің қоғамда жекелеген отбасыларда болған жағдайлар барлығына тез жетеді) жетістік тарихы тездетуге ықпалдасатын болады.

# Халықты жұмыспен қамтудың негізгі сұрақтары

## Халықты жұмыспен қамтудың негізгі сұрақтары

### Негізгі құқықтық актілер:

«Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V Заңы;

ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы.

### Өтініш білдіруге құқығы бар азаматтардың санаттары

ҚР халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы ҚР азаматтарына, оралмандарға, ҚР тұратын шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

### Өтініш берушілердің жүгіну орны

Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларын шараларын кқрсету үшін өтініш беруші Халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді (бұдан әрі – Орталық).

## Жұмыс іздеуші адамды тіркеу

Жұмысы жоқ және (немесе) табысы аз қолайлы жұмыс іздеп жүрген адам тұрғылықты жеру бойынша Орталыққа не «электронды үкімет» веб-порталы арқылы келесі құжаттардың негізінде жұмыс іздеуші адам ретінде тіркеледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) жұмыс өтілін растайтын құжат (бар болса);
- 3) білімі, біліктілігі, арнайы білімі немесе кәсіби даярлығы туралы құжат (бар болса).

Сондай-ақ он алты жасқа толмаған адам, оның заңды өкілдерінің біреуінен жазбаша өтініш ұсынады.

Орталық адамды жұмыс іздеуші ретінде тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған тиесілі жұмысты, сондай-ақ тегін әлеуметтік кәсіби даярлықты ұсыну арқылы жәрдемдеседі.

Жұмыс іздеуші адам Орталыққа, ауылды елді мекенде тұратындар – ауыл, кент, ауыл округі әкіміне кемінде үш күнде бір рет бару арқылы жұмыс іздеуге қызығушылық танытуы тиіс.

(Халықты жұмыспен қамту туралы ҚР Заңының 13-бабы)

## Жұмыссыз ретінде тіркеу

Жүгінген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті жұмыс табылмаған жұмыс іздеуші адамды жұмыссыз ретінде тіркеу туралы шешімді Орталық қабылдайды.

Орталық өтініш жасалған күннен бастап күнтізбелік он күн өткенде жұмыс іздеп жүрген адамды жұмыссыз ретінде тіркеу күні және есепке қою туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы хабардар етеді.

Орталықта тіркелген жұмыссыздар – он жұмыс күні ішінде кемінде бір рет Орталықта, ал ауылдық елді мекендерде тұратын жұмыссыздар айына кемінде бір рет кент, ауыл, ауылдық округ әкімінде белгіленіп тұруға тиіс.

Жұмыссыз адам ретінде:

- 1) он алты жасқа толмаған;
- 2) еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, оның ішінде жұмысты толық не толық емес жұмыс уақыты жағдайларында ақы үшін орындайтын немесе табыс (кіріс) әкелетін өзге де ақы төленетін жұмысы бар;
- 3) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған;
- 4) жұмысы мен табысының (кірісінің) жоқтығы туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын құжаттар, сондай-ақ басқа да анық емес мәліметтер ұсынған адамдар тіркелмейді.

(Халықты жұмыспен қамту туралы ҚР Заңының 14-бабы)

## Жұмыссыздар есебінен алу

Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыссызды (осы Заңның 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда) мынадай жағдайларда:

- 1) лайықты жұмыстың ұсынылған екі түрінен бас тартқанда;
- 2) дәлелсіз себептермен:

халықты жұмыспен қамту орталығы жолдама берген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ұсынылған жұмысқа орналасу орнына немесе оқу орнына келмегенде;

шақыру бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына келмегенде;

халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы бойынша халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуды өз бетінше тоқтатқанда;

3) жұмыссыз Халықты жұмыспен қамту туралы заңында көзделген халықты жұмыспен қамту орталығына келіп тұру мерзімдерін дәлелсіз себептермен бұзғанда;

4) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сотталғанда не заңды күшіне енген сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;

5) Халықты жұмыспен қамту туралы заңының 15-баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда;

б) көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар бергенде есептен шығарады.

2. Халықты жұмыспен қамту туралы Заңының 16-бабы 1-тармағының 1) - 3) тармақшаларына сәйкес есептен шығарылған жұмыссыздар есептен шыққан күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң ғана халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыс іздеуші адам ретінде қайтадан тіркеле алады. (Халықты жұмыспен қамту туралы ҚР Заңының 16-бабы)

**Нәтижелі жұмыспен қамтуды  
және жаппай кәсіпкерлікті  
дамытудың бағдарламасы**

# Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасының бірінші бағыты

**1-бағыт** – техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету

**Операторлары – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Білім және ғылым министрлігі.**

*1) Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау (ҚР БҒМ);*

ТЖКБ бар кадрларды даярлау бойынша мамандықтар тізбесіне және оқитудың екідеңгейлі моделінің модульдік бағдарламаларына сәйкес тегін беріледі.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған және тұрмысы төмен отбасылардың мүшелері қатарындағы 9-11-сыныптарды бітірушілер, оқу орындарына түспеген, жұмыс іздеп жүрген адамдар, сондай-ақ азаматтардың өзге санаттары ТЖКБ бар кадрлар даярлау бойынша қатысушылар болып табылады.

Қатысушылар оқуына ақы төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен, бір реттік ыстық тамақпен, стипендиямен, жол жүру ақысымен қамтамасыз етіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру бар кадрларды даярлауды жүзеге асыруға арналған оқу орындарының және мамандықтардың тізбесін, оқу орындары бойынша орындарды бөлуді білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның ұсынымы бойынша өңірлік комиссия бекітеді.

*2) жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқу (ҚР Еңбекмині).*

Бағдарламаға қатысушыларды қысқа мерзімді кәсіптік оқыту кадрларды даярлаудың дуальды моделінің элементтерімен

білім беру ұйымдарында, оның ішінде мобильді оқу орталықтары арқылы жүргізіледі.

Сондай-ақ, цифрлық машыққа сауаттылық, ағылшын тілі және кәсіпкерліктің негіздері бойынша оқыту жүргізіледі (2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін).

Оқыту мерзімі мамандықтың ерекшелігін ескере отырып, кәсіпкерлік негіздерге оқытудан басқа (15 күннен аспайды), 1 айдан 6 айға дейінгі мерзімді құрайды.

29 жасқа дейінгі жастар және жұмыссыздар, Орталықта тіркелгендігіне тәуелсіз өздігінен жұмыспен қамтылғандар мен қысқартылған қызметкерлер қатысушылары болып табылады.

Шалғай ауылды елді мекенде тұратын адамдар мобильді оқыту орталықтарында оқи алады.

Мобильді оқыту орталықтары арқылы қысқа мерзімді оқыды ұйымдастыру тәртібі білім саласындағы уәкілетті органмен бекітілген техникалық және кәсіби білімді кадрларды дайындауды және қысқа мерзімді кәсіби оқытуды ұйымдастыру қағидаларымен анықталады.

*3) жұмыс берушілердің қоса қаржыландыруын ескере отырып, қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау.*

Қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау жұмыс берушілердің өтінімі бойынша Бағдарламаға қатысушының жұмыс орнын оқу аяқталғанға дейін сақтау талабымен жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілер қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау үшін халықты жұмыспен қамту орталығына қайта даярлауға жіберілетін жұмыскерлер санын, кәсіптер және оқу нысанын көрсете отырып өтінім береді.

Қайта даярлау курстары құнының кемінде 30 %-ын жұмыс берушілердің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылады.

# Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасының екінші бағыты

**2-бағыт** - жаппай кәсіпкерлікті дамыту

**Операторлары** – «Бастау Бизнес» жобасын іске асыру және қалаларда микрокредит беру мәселелері бойынша – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі және ауылдар мен шағын қалаларда «Бастау Бизнес» жобасын іске асыру және микрокредит беру мәселелері бойынша – ҚР **Ауыл шаруашылығы министрлігі**.

*1) «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту*

«Бастау Бизнес» жобасы Бағдарламаға қатысушыларды кәсіпкерлік дағдыларына оқытуға, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалыптастыру қағидастарына, сондай-ақ олардың бизнес жобаларын сүйемелдеуге бағытталған.

Оқытудың қатысушылары болып Орталықта тіркелгеніне қарамастан жұмыссыздар және өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, кәсіпкерлік потенциалы бар және ауылды елді мекенде, аудан орталықтарында тұратын адамдар оқу қаражаты және стипендиясы бойынша мемлекеттік қолдаумен қамтылады.

Оқу процесі 30 күнтізбелік күннен аспайды.

*2) кәсіпкерлік бастамаларды қолдау*

Кредиттер/микрокредиттер ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда және қалаларда бизнес-жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын Бағдарламаға қатысушыларға ұсынылады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыздар, кәсіпкерлік әлеуеті бар өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар, ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың мүшелері қатысушылар болып табылады.

Кредит/микрокредит алуы үшін міндетті шарт салық заңнамасына сәйкес оның салық органдарында тіркелуі болып табылады.

Кредиттер/микрокредиттер:

1) ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда микробизнесті ашу, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейту, ауыл шаруашылығы кооперативтерін ашу үшін;

2) қалаларда (шағын қалалардан басқа) жаңа микрокәсіпорындар құру, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейту үшін ұсынылады.

Кредиттер/микрокредиттер «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне немесе Бағдарламаның I-бағыты шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткеннен кейін не соңғы екі жыл ішінде басқа бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаты бар болса беріледі.

Кредиттер/микрокредиттер жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейту және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру үшін жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру шартымен ұсынылады.

*Бағдарламаға қатысушыларға кредит/микрокредит беру шарттары:*

1) кредит/микрокредит мерзімі – 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру үшін кредит/микрокредит беру мерзімі – 7 жылға дейін;

2) кредиттің/микрокредиттің ең жоғары сомасы – 8 мың АЕК-ке дейін;

3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 6 %-дан аспайды;

4) негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдікті кезенді және кредитордың шешімі бойынша кредит/микрокредит беру мерзімінің ұзақтығы үштен бір бөліктен аспайтын мерзімде сыйақы алу мүмкіндігі;

5) қаржы жылында бұрын берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша, оның ішінде «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша соңғы қарыз алушылар қайтарған қаражат есебінен көрсетілген қаржы жылынан кейінгі 6 (алты) айдан кешіктірмей қайта кредит/микрокредит беруді жүзеге асырады.



## Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасының үшінші бағыты

**3-бағыт** – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту

**Операторы – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады.**

*1) жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;*

Бағдарламаға қатысушыларды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында мынадай мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі:

1) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау, кәсіп таңдауда көмек көрсету, оқу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультациялар;

2) лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;

3) әлеуметтік жұмыс орындарын құру;

4) жастар практикасын ұйымдастыру;

5) қоғамдық жұмыс орындарын ұйымдастыру.

Жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар және Заңға сәйкес басым құқықтарды пайдаланатын өзге адамдар жұмыспен қамтамасыз етуде қолдау көрсетілетін Бағдарламаға қатысушылар болып табылады.

*2) еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру;*

*3) жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң құру.*

Осы бағыт жұмыс іздеуге және персоналды іріктеуге ықпалдасу үшін «Еңбек биржасы» бірыңғай еңбек ақпараттық базасын құруды көздейді.

## Әлеуметтік кәсіби бағдарлау

Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау:

1) еңбек қызметі, еңбек нарығының жай-күйі, қолда бар мамандық бойынша жұмысқа орналастыру немесе кәсіптік оқытудан өту мүмкіндіктері туралы кәсіби хабардар етуді;

2) адамның жеке-психологиялық сипаттамасының, өмірлік жағдайлары ерекшеліктерінің, кәсіптік білімдерінің, дағдыларының, қызығушылықтарының, денсаулық жағдайының және еңбек нарығындағы қажеттіліктердің негізінде жұмыс орны мен кәсіп таңдауда кәсіби консультацияны;

3) нақты кәсіп (мамандық) түрлері және лауазымдар үшін айқындалған біліктілік талаптарына адамдардың сәйкестігін белгілеу арқылы кәсіби іріктеуді қамтиды.

Әлеуметтік кәсіби бағдарлау Орталықпен жүргізіледі.

Кәсіптік бағдарлау жұмыс іздеген адамдар, жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, студенттер, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары үшін жүзеге асырылады.

Кәсіптік бағдарлауды жүргізу тәртібі Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізу қағидаларында айқындалады.

## Лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу

Жүгінген азаматтар үшін лайықты бос жұмыс орындарын іздеуді және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді Орталықпен жүзеге асырады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларға:

- 1) дерекқорда бар бос жұмыс орындарына;
- 2) жұмыс берушілер өз бетінше мәлімдеген жұмыс орындарына;
- 3) іске асырылатын мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде құрылатын жұмыс орындарына;
- 4) жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арқылы жұмыс орындарына;
- 5) жалақысы ішінара субсидияланатын әлеуметтік жұмыс орындарына, сондай-ақ жастар практикасын өтуге арналған жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді.

Орталықтар жұмысқа орналастыру қызметтерін көрсету үшін жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерін тартуға құқылы.

Қажетті біліктілігі болмағандықтан, жұмысқа орналаса алмай жүрген Бағдарламаға қатысушылар Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде ТЖКБ бар кадрларды даярлауға және қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жіберіледі.

## Әлеуметтік жұмыс орындарын құру

Жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығымен уағдаластық бойынша жалақысын субсидиялай отырып, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орнын құрады.

Әлеуметтік жұмыс орындары тұрақты жұмыс орындарынан тыс және тұрақты жұмыс орындарына арналған бос орындардан тыс құрылады. Мұндай жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда құрылмайды.

Әлеуметтік жұмыс орындарының саны шектелмейді.

Әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыс уақытша сипатқа ие болады. Азаматтардың әлеуметтік жұмыс орындарына қатысу ұзақтығы 12 айдан аспайды.

Жұмыссыздар әлеуметтік жұмыс орындарына қатысу үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарына Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес өтініш пен құжаттарды береді.

Жұмыс беруші үш жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына жұмысқа қабылдағаны немесе қабылдаудан бас тартқаны туралы хабарлайды.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы қолданылады.

## Жастар практикасын ұйымдастыру

Жастар практикасы **білім беру ұйымдары** түлектерінің меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алуы мақсатында **түлектер үшін** ұйымдастырылады.

Жастар практикасы меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, оқуды аяқтаған кейінгі 3 жыл ішіндегі және жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арналған.

Жастар практикасы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады.

**Жастар практикасы тұрақты жұмыс орындарынан тыс және бос тұрақты жұмыс орындарынан тыс жүргізіледі.** Мұндай жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда құрылмайды.

**Жастар практикасы бойынша жұмыс орындарының саны шектелмейді.**

Жастар практикасы бойынша жұмыс уақытша сипатқа ие болады. **Жастар практикасының ұзақтығы 6 айдан аспайды.**

## Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру

Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады. Қоғамдық жұмыстар жұмыскердің алдын ала кәсіптік даярлығын талап етпейді және әлеуметтік пайдалы бағыттылығы бар.

Қоғамдық жұмыстарға қатысуға:

- 1) жұмыссыздардың;
- 2) жазғы демалыс кезеңінде студенттердің және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының;
- 3) жұмыстың тоқтап тұруына байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдардың құқығы бар.

Қоғамдық жұмыстарға қатысуға:

- 1) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алмайтын жұмыссыздар;
- 2) халықты жұмыспен қамту орталығында алты айдан астам есепте тұрған жұмыссыздар басым құқықты пайдаланады.

Адамдардың қоғамдық жұмыстарға қатысуы, олардың халықты жұмыспен қамту орталығында тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібінде олардың келісімімен жүзеге асырылады.

Бағдарлама шеңберінде азаматтардың қатысу шарттары және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында айқындалады.

## Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру

Жұмыс күші тапшы өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлердегі диспропорция мен демографиялық теңгерімсіздікті жою мақсатында Бағдарлама шеңберінде өз еркімен қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

**Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар және олардың отбасы мүшелері қатысушылар болып табылады.**

Жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару үшін:

1) 29 жасқа дейінгі жастар, оның ішінде балалар ауылдарының тәрбиеленушілері мен балалар үйлерінің, 16-дан 23 жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп интернаттардың түлектері;

2) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері оқу орнын бітіргеннен кейін үш жыл ішінде;

3) оқуды аяқтаған Бағдарламаның бірінші бағытына қатысушылар;

4) оралмандар;

5) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басым құқықты пайдаланады.

Бағдарламаға қатысушыларды мемлекеттік қолдау көшуге және тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығыстарын өтеуге субсидиялар беруді қамтиды:

1) шығу өңірлерінен қоныстану өңірлеріне көшуге арналған субсидия – әрбір отбасы мүшесіне 35 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет;

2) бір облыс шегінде көшуге арналған субсидия – әрбір отбасы мүшесіне 25 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет;

3) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге субсидия – қалалық жерге қоныс аударғандар үшін 12 ай бойы ай сайын:

3.1) бір адам үшін – 20 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3.2) отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – 25 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3.3) отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – 30 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді;

4) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге субсидиялар – ауылдық жерлерге қоныс аударушылар үшін 12 ай бойы ай сайын:

4.1) бір адам үшін – 15 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4.2) отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – 18 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4.3) отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – 21 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.